

Д.Б.Есмағамбетова, Г.Н.Манашова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

## **Кәсіптік мектеп оқушыларына экономикалық білім беру арқылы шығармашылық іскерліктерін қалыптастыру**

Мақалада кәсіптік мектеп оқушыларына экономикалық білім беру арқылы шығармашылық шеберліктерін дамыту сұрақтары қарастырылған. Шығармашылық ойын, кәсіби мектеп оқушыларының ғылыми көзқарасын педагогикалық әдістер мен мақсаттар арқылы экономикалық білімді қалыптастырудың негізгі есептері берілген. Кәсіптік мектеп оқушыларының экономикалық білімін қалыптастыру сұрақтары бойынша психология-педагогика әдебиеттеріне қысқаша шолу жасалған. Кәсіптік іскерліктің негізі бойынша экономикалық білім саласында негізгі түсініктері келтірілген.

*Кілтті сөздер:* кәсіптік мектеп, оқушыларға экономикалық білім беру, шығармашылық шеберліктерін дамыту, шығармашылық ойын, педагогикалық әдістер, экономикалық білімді қалыптастыру, кәсіптік іскерлік, экономикалық білім саласы, нарықтық экономикалық негіздер, оқушылардың шығармашылық қызметі.

Қазіргі жағдайда оқушылар экономикалық ғылым негіздерінің жеткілікті аяқталған және қорытылған түрде қоғам өмірі мен өндіріске кірісуге көмек беретін немесе жоғарғы білім алу үшін негіз болатын білімді меңгеру керек. Олар өмірдің әлеуметтік-экономикалық сұраныстарын, өз қызығуларын тану талпынысын және мүмкіндігін, қоғамдық әрекеттенуіне жеткілікті түрде еркін бағдар алуы тиіс [1].

Оқушы жастарға экономикалық білім берудің маңыздылығы мемлекеттік «Білім» бағдарламасында атап көрсетілген. Онда «Бағдарлама... балалар мен жастарға экономикалық, экологиялық, құқықтық, азаматтық білім беру жөніндегі қазіргі заманғы оқу бағдарламаларын енгізу арқылы білім берудің мазмұнын жаңартуға жәрдемін тигізеді» делінген. Яғни бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі — оқушы жастарға экономикалық білім беруді жандандыра түсу болып отыр. Оқушыларға экономикалық білім беру — қазіргі кездегі кешенді мәселелердің бірі. Сондықтан оларды халық шаруашылығының әр түрлі салаларында жұмыс істей білуге үйрету үшін экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық білімдермен қаруландыру керек [2].

Кәсіптік мектепте экономика дүниежүзілік көзқарастық сипатқа ие болуы қажет, осы кезде оқушыда өмірдің және қоғамның осы жақтарының негізгі заңды өлшемдер түсінігі қалыптасуы тиіс.

Экономика — қоғам туралы ғылым, қоғамдық қатынастардың барлық тәртібіндегі саясат және саяси, азаматтық тәрбиеден алыс емес. Кәсіптік мектепте экономикалық білім берудің негізгі тәрбиелік қызметі — жастардың экономикалық психологиясын, әлеуметтік-экономикалық құндылыққа көзқарастар, отбасында және жұмыста экономикалық мінез-құлық нормалары мен ережелерін болымды және болымсыз, экономикалық әсерлер туралы көзқарастар жүйесін қалыптастыру. Экономикалық білім теориясы қоғам өмірінің материалдық негіздерін түсінуге, қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай оқушылардың экономикалық ойлауын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осының негізінде оқушылар қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы адамның шешуші ролін ұғынып, қоғам мен жеке адам мүддесі үшін, қоғамдық өндіріс пен еңбекке жаңа көзқарастарды қалыптастыруы керек.

Кәсіптік мектепте экономикалық білім беру — қазіргі ауылшаруашылық және кәсіпорын өндірісінде экономикалық міндеттерді шешуде белсенді қатысатын оқушылардың экономикалық білім, іскерлік, дағдысының сапалы ерекшелігіне, олардың политехникалық дайындығына, қазіргі өндірістің, техниканың, технологияның ғылыми негіздері бойынша білім деңгейіне байланысты. Оқушының еңбекті қажетсінуін, еңбексүйгіштігін, қоғамдық еңбектегі белсенділігін, саналы еңбек тәртібін және басқа да моральдық сапаларын қалыптастыру мақсатында берілетін білім. Міне, осы экономикалық білімді қалыптастыру мына факторларға тәуелді: тәрбие мақсаты; мемлекеттің экономикалық саясаты, тарихи кезеңде және болашақта ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндетіне; оқушыға экономикалық білім беру жүйесіне; оқушының жас ерекшелігі мен қызығушылығына, бейімділіктеріне; мектептің бастапқы және орта кәсіптік білім беру мекемелерінің материалдық базасына педагогтың шеберлігімен экономикалық біліміне; қоғам өмірі мен тәрбие процесінің өзара байланысына [3].

Осыған байланысты кәсіптік мектеп оқушыларына экономикалық білім берудің қажеттігін анықтайтын үш себеп бар:

- оқушының әлеуметтік-тұлғалық дамуы, яғни руханилығын, өнегелі экономикалық қасиеттерді қалыптастыру, өмірдегі көптеген мәселелерді шешуді анықтайтын тұлғалық ресурстарды, мотивтерді дамыту. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық әрекеттің әр түрлі түрлеріне дайындығының бара-бар бағасын, өзін-өзі танудың қажеттілігін дамыту;
- тұлғаны шаруашылық қатынасқа тәрбиелеу, яғни макро- және микроэкономикада жүретін мәселелерді бағдарлайтын бастық, меншік иесі, тұтынушы ретінде, жанұя экономикасын жоспарлауда, шаруашылық сұрақтарды қарастыруда сауатты және дәлелді шешім қабылдай білетін адамды тәрбиелеу;
- адамдардың азаматтылығы, яғни демократиялық мемлекеттің азаматы экономикалық процестердің бірізділігін көре білу, қоғамдық сұрақтарды шешуге әсер ететін өз көзқарасын саналы ойлау және қорғау [4].

Кәсіптік мектептерге оқушылар жалпы білім беретін мектеп қабырғасынан экономикалық білімдері қалыптасып келеді. Мұнда жалпы білім беретін мектептерде экономикалық білім бастауыш мектепте: экономикалық білім алуға дайындық, пәнаралық байланыс және сабақтан тыс жұмыстар негізінде оқытылады. Негізгі мектептерде: пәнаралық байланыс, факультативтік сабақтар, сабақтан тыс жұмыстар, экономикалық білім негіздері сабақтарында оқытылады. Бағдарлы мектептерде, мысалы, математикалық, гуманитарлық; жаратылыстану, математикалық мектептерде әрбір циклдар бойынша оқытылады. Ал кәсіптік мектептерде кәсіптік бағдарға сай кәсіби мамандыққа қатысты оқытылады [5].

Оқушыларға экономиканы оқыту экономикалық мәдениет деңгейінің өсуіне, өз кезегінде, оқушының өмірлік жетістікке жету мүмкіндігін көтереді, азаматтық белсенділік және азаматтық ұстанымды иемденуге мүмкіндік береді, оның қолдану көкжиегін кеңейтеді, жоғары және тұрақты табысқа жетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде экономика негізін оқыту өте қиын емес сияқты. Жаңа және қызықты мағлұматтар баршылық. Экономиканы оқыту мәселесі Қазақстанның дамуы үшін ұстанымы тұрақты маңызы бар жаңа менталитетті қалыптастыратын өмірді қамтамасыз етудің негізін құраушы ең қажеттісін, мәндісін іріктеумен айқындалады. Осыған байланысты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында осы жағдайларды қарастыруға болады.

Қазіргі жағдайда оқушылар экономикалық ғылым негіздерінің жеткілікті аяқталған және қорытылған түрде қоғам өмірі мен өндіріске кірісуге көмек беретін немесе жоғарғы білім алу үшін негіз болатын білімді меңгеру керек. Олар өмірдің әлеуметтік-экономикалық сұраныстарын, өз қызығуларын, тану талпынысын және мүмкіндігін, қоғамдық әрекеттенуіне жеткілікті түрде еркін бағдар алуы тиіс [6].

Кәсіптік мектепте экономика дүниежүзілік көзқарастық сипатқа ие болуы қажет, осы кезде оқушыларда өмірдің және қоғамның осы жақтарының негізгі заңды өлшемдер түсінігі қалыптасуы тиіс.

Бүгінгі таңда білім беру қызметкерлерінің алдында дайын білімді, дағдыларды меңгерген және оны қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртуар ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл міндет оқушы шығармашылығын дамытудың маңызды мәселе екендігін дәлелдейді.

Ғылыми әдебиеттерде шығармашылық түсінігі жаңа өзіндік нәрсенің жасауымен байланыстырып, көшірмелік іс-әрекетке қарсы қойылады. Кейбір деректерде «шығармашылық қоғамдық құбылыс» деп қарастырылған.

Оқушылардың шығармашылық қызметі туралы мәселе көне заманнан бастау алады. Сократтың өзі-ақ оқыту барысында оқушылардың танымдық белсенділігі мен іздемпаздық шығармашылығын, арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсеткен. Архимед белгілі әдіс — эвристикалық әдісті геометриялық фигуралар мен денелердің беттерінің ауданы мен көлемдерін есептеуге қолданған.

Оқушының шығармашылық қызметі — жалпы психологиялық жағдайына байланысты қажеттілік, келесі кезде себеп-салдарға, ыңғайға байланысты, қызығушылыққа және сенімге, есте сақтауды қалпына келтіретін бұрынғы білім, білік, дағдыға өзінің дербес және ортаның іс-тәжірибесі. Оқыту процесінде кәсіптік мектеп оқушыларын аудиторлық сабақтан тыс өз бетіндік жұмыстар арқылы ойлануға үйрететін шығармашылық дидакт ғалымдары (М.Жұмабаев, М.Дулатов, А.К.Көбесов, тағы басқалар) мазмұнды еңбектерінде кеңінен танылған.

Қазіргі кезде ғылым мен техникалық даму деңгейі әрбір оқушыда сапалы және терең білім мен іскерліктерінің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді.

Экономиканы оқытудың негізгі мақсаты арнайы педагогикалық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады. Оқушылар әдеттегінен оқыту барысында алдымен білім алады. Содан соң оны қолдану әрі қарай шығармашылыққа үйлеседі. Оқытудың эвристикалық технологиясын пайдаланып, экономикалық ұғымды, экономикалық мазмұнды есептерде кездесетін проблемаларды шешіп, жеке нәтижелерді жалпылап қорытынды жасауға (гипотеза, формула құрастыруға, мазмұнды есептің тиімді тәсілін ойлап табуға) жетелеу керек. «Экономикалық білім негіздері», «Кәсіпкерлік» т.б тақырыптары бойынша кәсіптік мектеп оқушыларына шығармашылық жұмыстарын бір-бірімен алмасып, қорытынды жасап отырады. Кәсіптік мектеп оқушыларының жауаптарына талдау жасай отырып, білімге деген көңіл-күйін, оқу түрткісін, жеке икемділігін айқындауға болады. Кәсіптік мектеп оқушыларының шығармашылық ізденістерінің деңгейін көтеру процесін төрт кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезеңде мұғалім оқушыға қарапайым таным, экономикалық ұғымдарды таныстырады. Сонымен қатар оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге баулуы керек.

Екінші кезеңде мұғалім өтілетін тақырыпты қолайлы, тиімді тәсілдер арқылы түсіндіру қажет.

Үшінші кезеңде оқушыға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Оқушылар өз жұмысына талдау жасап, қателіктерді болдырмау үшін алдағы жұмысына жоспар құра білуді үйрену керек.

Төртінші кезеңде оқушы жұмысында шығармашылық іздемпаздық мағына алады. Мұнда оқушының танымдық қызығушылығы, қажеттілігі, кәсіби бағдары жетіледі.

Экономиканы оқытуда кәсіптік мектеп оқушыларының шығармашылық іскерлігін қалыптастыру мынадай компоненттерден тұрады.

Себеп-салдар компоненті экономика пәніне қызығушылық, құмарлық, шығармашылық қабілетті бағалау, бірінші болып оындау, дербестікке ұмтылып, жақсы баға алуға ұмтылу және ішкі қайшылықтардан тұрады.

Интеллектуалдық логикалық компоненті: материалды жалпылау, қысқаша тұжырымдау, тура және керісінше ойлау, сан мен таңбаларды өзгерту, логикалық ойды бөліктеу, тізбектеу, бір ойдан екінші ойға ауысу, кеңістікті елестету, есте сақтау, абстракциялау, салыстыру мен аналогия, дәлелдеу, пайымдау және т.б. тұрады.

Білімнің мазмұндық компоненті: нормативтік білім, жартылай нормативті, стандарттан жоғары білімнен құралады.

Амалдық (білік) компонент: жай есептеу, талдай білу, синтездеу, күрделі түрлендірулер жасай білуден тұрады.

Оқушының көңіл-күйі мен сезім компоненті: ой, ой ағыны, қиялдау, кемелденіп өздігінен келетін ой, сезім, көңіл-күй, шабыт, оқушының ойлау проценде болып жатқан қайшылықтарға сәйкес белсенділігінен тұрады.

Ауылдық кәсіптік мектепте экономикалық білім беруді ұйымдастыру формалары әр түрлі болуы мүмкін: сынып сағаты, басқа оқу пәндермен байланыстырылған сабақ (математика, тарих, технология т.б.), сыныптан тыс шаралар, қосымша сабақ, үйірмелер, арнайы курстар, міндетті оқу пәні.

Ауылдық кәсіптік мектеп оқушыларын экономикалық дайындау, экономикалық білім берудің негізгі мақсаттарына жетуге көп пайдасын тигізеді. Нарықты экономикалық процестерге бейімделу дәрежесі көбінесе ойлау қабілетіне және жүйелі біліміне байланысты [7].

Осы көрсетілген әр деңгей бойынша, ауылдық кәсіптік мектеп оқушылары «Нарықтық экономика негіздері» пәні бойынша төменде көрсетілген білімдерді алып шығуы керек:

- экономика ғылымының негізгі даму кезеңдерін, олармен байланысты ғалымдардың аттарын атау; экономикалық категорияларды сипаттай білу, мысалдар келтіре білу; экономикалық жүйеге анықтама беру және оны құрайтын элементтерді атау; экономикалық жүйенің әр түрлі типтерін сипаттай білу; экономикалық өсудің түрлерін және ережесін білу, экономиканың жағдайын бағалайтын негізгі көрсеткіштерді атау;
- негізгі экономикалық институттарды атау, нарықта бағаны қалыптастыру процесін түсіну, тепе-теңдіктің өзгеруін, бағаны мемлекеттік реттеудің себебі және салдарын талдау; нарықта бағаны қалыптастырудың ерекшелігін білу; нарықты қоғамдық құрылым ретінде бейнелей білу, сатушы мен сатып алушының келісімінің нәтижесін анықтау;

- үй шаруашылығындағы экономикалық функцияларды анықтау; үй шаруашылығының мақсатын, қоғамдық шаруашылықтағы орнын анықтай білу; үй шаруашылығындағы кіріс пен шығыстың негізгі көздерін көрсете білу; үй шаруашылығы жағынан табиғатты ластау көздерін, ластануға байланысты қажетті шығындарды көрсету; үй шаруашылығын қоғамдық шаруашылықтың бір бөлігі ретінде көрсету, жанұялық бюджетті талдау және жоспарлау, жанұялық қасиет — қосымша кірістің келуін бағалау;
- тұтынуды экономиканың категориясы ретінде түсіну, тұтынушының суверенитетін және оған жетудің шарттарын анықтау; тұтыну құрылымын түсіндіру, қасиеттілікті қалыптастырудың факторын бағалау;
- кәсіпорын мақсатын білу; кәсіпорын қызметінің тиімділігін есептей және түсіне білу; кәсіпорын қызметінің нәтижесін бағалай білу; кәсіпорынды, оның мақсатын және қоғамдық өмірдегі орнын анықтай білу, кәсіпорынды қызмет түріне байланысты бөлу; кәсіпорын бөлімдерін білу (цех, бөлім, филиал), алғашқы капиталды қаржыландыру, кәсіпорынның ұйымдастыру формаларын айыра білу, қабылданған шешімге байланысты жауапкершілік пен пайданы білу, еңбек және басқа да төлемдерге ақы төлеудің формаларын ұғыну, жалақыны бөлу, кәсіпорын алдында мемлекетке жауапкершілігін көрсету, мемлекет алдында кәсіпорын қандай міндет атқарады; кәсіпорынның қоршаған ортаны ластау көздерін анықтау [8];
- шығынның негізгі топтарын білу, кәсіпорын қызметінің нәтижесін есептеу, экономикалық және бухгалтериялық шығынды ажырату; кіріс көлемін бағалай білу, яғни бағаны қалыптастырудың принциптерін білу, шығын және нәтиже негізінде кәсіпорын мәселесін талдау, кәсіпорын тиімділігін арттыру үшін жеке және жалпы көрсеткіштерді сипаттау, көрсеткіштер негізінде талдау жасау;
- капиталдың алғашқы жинақталу тарихын және принциптерін түсіну;
- қандай да бір экономикалық қызмет негізінде экономиканың негізгі мәселелерін көрсете білу; экономика жағдайының өзгеру себебін түсіндіру, экономикалық өсудің артықшылығын көру және өсудің факторларын түсіндіру, экономикалық жүйенің пайда болуын түсіну, факторлы материалдарда экономикалық институттарда көрсете білу, экономикалық шешім қабылдау үшін олардың мағынасын талдау [9];
- категориялардың логикалық өзара байланыстарын көрсету;
- ақшаны тағайындау және олардың формасын атау, экономиканы қалай ақша қамтамасыз ететінін, ақша айналымы нені көрсететінін, экономика үшін ақша айналымының бұзылуы қандай салдар әкелетінін түсіну, қандай институттар ақшаны реттейді және оны қалай жасайтынын білу; ақшаның тепе-теңдік жағдайын және оның бұзылуын талдау, экономика жағдайына ақшаның әсерін көрсету, арзан тауар қоршаған ортаны ластау, инвестицияның жоқ болуы, қоршаған ортаны ластау байланысын көру.

Сонымен, оқушылардың өз бетінше танымдық іс-әрекетті қабылдау, түрлендіру және шығармашылық сияқты қабілеттіліктерінің жиынтығынан тұрады. Осылардың ішінде шығармашылық қабілет басты орынға ие және ол оқушының іс-әрекетке деген қызығушылығымен, қабілеттілігімен ұштастырылады. Сондықтан тереңдетіп білім беру үрдісіндегі шығармашылық іскерлік деп оқушының жаңа тәсілдерді үйреніп, оны практикада тапқырлықпен жүзеге асыратын іс-әрекеттерін түсінеміз.

Шығармашылық жұмысқа икемделуі баланы салғырттықтан, жалқаулықтан алыстатады. Ұлы Абайдың «талап, еңбек, терең ойдын» осы істерден басталатындығын, «еріншек, бекер мал шашпақтың» да қайдан болатындығын түсініп өседі. Оқушы қиялының ұшқырлығы туралы, олардың кейбір үлкендер байқамаған күнделікті нәрселерді аңғарғыштықтары туралы біз білеміз. Баланың қиялын шындап, үлкен адам болып шығуына ұстазы мен ата-анасының рөлі үлкен екенін нақтылай түседі.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Сатыбалдин С.С. Жалпы білім беретін мектептерде экономикалық білім беру бағдарламасы // Қазақстан мектебі. — 2001. — № 6. — 15–20-б.
- 2 Кәсіпкерлік қызметке баулу — өзекті мәселе // Қазақстан мектебі. — 2001. — № 7. — 21–23-б.
- 3 Аганина Қ., Арын Е.М. т.б. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына экономикалық білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі. — 2001. — № 2. — 14–17-б.
- 4 Землянская Е.С. С чего начинается экономика? // Народное образование. — 2002. — № 10. — С. 28–30.

- 5 Аганина Қ. Оқушыларға экономикалық білім беру жүйесі: әдіснамасы, теориясы. — Алматы: Ғылым, 2002. — 210-б.
- 6 Аганина Қ.Ж. Жеке тұлғаны қалыптастыруда экономикалық білімнің мәні: Халықарал. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Алматы: АЛМУ, 2001. — 171–173-б.
- 7 Аганина К.Ж., Хамитова З. Проблемы экономического образования школьников: Материалы науч.-практ. конф. — Алматы: Индустриально-педагогическая академия. — 2003. — С. 118.
- 8 Любимо Л.Л., Липиц И.В. и др. Концепция экономического образования в школе // Рос. экон. журн. — 1992. — № 8. С. 125–130.
- 9 Васильев Ю.К. Экономическое образование и воспитание учащихся. — М.: Высш. шк., 1983. — С. 96.

Д.Б.Есмагамбетова, Г.Н.Манашова

### **Вопросы формирования творческого мастерства учащихся профессиональных школ**

В статье рассматриваются вопросы формирования творческого мастерства учащихся профессиональных школ при изучении экономических основ предпринимательства. Выделена основная задача экономического образования — формирование интеллекта, творческого мышления, научного мировоззрения учащихся профессиональных школ через педагогические методы и цели. Проанализирована психолого-педагогическая литература по вопросам экономического образования учащихся профессиональных школ. Приведены основные термины в области экономического образования по основам предпринимательской деятельности.

This article discusses the formation of creative skills of students of vocational schools in the study of the economic foundations of business. Identified the main problems of economic education as a form of intelligence, creativity, scientific outlook of students of vocational schools in teaching methods and goals. Analyzed the psychological-pedagogical literature on economic education to students of vocational schools. The basic terms of economic education in the basics of entrepreneurship.